

келген елдерінің тілі деп ойлау керек. Бұл аталмыш жағдай арқылы біз репатриант-қазақтардың көптілігі (қазақ тілі + өздері тұрған елдің тілі) екендігін көреміз. Жалпы алғанда тілдік тұлға ретінде респонденттердің тілдік төлқұжаты алуан түрлі, тілдік құзіреттілігі өте төмен тіл ретінде орыс тілін айтуымызға болады. Орыс тілін респонденттердің білмеуі, ол тілде сөйлемеймін – 43.6%, оқымаймын – 42.6%, түсінбеймін – 48.5%, жазбаймын – 42.6% көрсеткіштеріне қарап, шын мәнінде ҚР оралман ағайындардың тілдік бейімделу жағдайы қиын екенін дәлелдесе керек.

в) шетелдерде тұрып жатқан қазақ диаспорасында қазақ тілі ішкі этносаралық қатынас есебінен сақталған. Осыған байланысты олар әдеби қазақ тілі мен ҚР-да кең қолданылатын этносаралық өзара қатынас құралы есебіндегі

орыс тілін меңгерудегі айтарлықтай қиыншылықтарды бастан өткереді. Дегенмен Қазақстанға келген және келуші оралмандардың есебінен республикадағы этнотілдік жағдаяттың өзгеруіне өзіндік маңызды ықпалын тигізері анық деп сенуімізге болады.

Мемлекеттік тілде сөйлеушісі көп болып қоғамның барлық саласында жұмсалса онда біздің қоғам толықтай қазақшаланатыны анық. Ол үшін ұлттық сана-сезім түгелдей ана тілдік сипатта болуы шарт әр Қазақстандықтардың бойында туған жерге деген сүйіспеншілік пен халыққа деген жанашырлық сезімі болуы керек.

\*\*\*

В данной статье рассматривается языковой паспорт и языковая компетенция репатриантов-казахов.

\*\*\*

In given article the language passport and the language competence of repatriates-Kazakhs is considered.

*Д. А. Досмаханбет*

### «ЖҰМАҚ» ПЕН «ТОЗАҚ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ДІН ҰҒЫМЫНДАҒЫ ТҮСІНІГІ»

Әр ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілдері бар. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Материалдық және рухани мәдениет дамыған сайын ұлттық ойлау да дамиды.

Бүгінгі таңда дағдылы және күнделікті ойлауда ұлттық мәдени спецификасы айқын мәдени концептер ғана назарға алынып отыр, олардың негізінде адам мен оны қоршаған ортаның байланысын анық көруге болады. Бұл терминге бет бұру философия мен лингвистика арасындағы қарым-қатынастың күшеюмен байланысты. Логика ғылымында «концепт» термині мен «ұғым» термині бара-бар терминдер ретінде қарастырылады. Сондықтан жетпісінші жылдарда тілдің логикалық анализі бойынша жазылған еңбектерде «*concept*» ағылшын сөзі «ұғым» сөзімен немесе «*семантикалық түсінік*» сөзімен алмастырып отырды. Ал сексенінші жылдардағы зерттеушілер «*концепт*» терминінің тұтас лингвистика категорияларындағы дербес мағынасын ұғына бастады.

«Тілдің логикалық анализі» тобының мақалаларында бұл ұғымның тура дифинициясы берілмейді. Бәлкім «*concept*» терминінің мағынасы түсінікті, арнайы түсіндіруді қажет етпейді

деп есептелгеннен болар. Алайда, концепт терминінің тек рухани мәдениеттің «кілт-сөзі» деген ұғымды ғана бермейтіндігі анық, өйткені ол «концепт» сөзіне емес, «мәдени концепт» тіркесіне эквивалент болады. Осыдан келіп «жай ғана» концептің бар екендігі көрінеді.

Бұл зерттеулер өз бастауын орыс философы С.А. Аскольдов-Алексеевтың 1928 жылы «Русская речь» [1] жинағында жарық көрген «Концепт және сөз» мақаласынан бастау алады.

Ғалым В.В. Колесов «Концепт культуры: образ – понятие – символ» [2] мақаласында С.А. Аскольдов-Алексеевтың концепт жайлы ойлары мен сөздері Г.Шпепттің «закругленные объемы смысла», А. Лосевтың «принципиальное значение» жайлы іліміне, С. Франктың «уақыттан тыс мазмұн» идеясына жақын келетіндігін, А.А. Потебняның сөздің «ішкі формасы» жайлы ойларын еске салатындығын айтады. Сөздің семантикалық құрылымында «алғашқы түсініктің» болатындығын В.В. Виноградов та айтқан. В.В. Колесов В.В. Виноградовтың бұл терминмен қазіргі зерттеудегі концепт танылып жүрген бірлікті атағандығын дәлелдей түседі [3, 943].

В.В. Колесов С.А.Аскольдов-Алексеевтың ізінше шынайы дүниені тілдік мәдени жағынан

игеру процесіндегі концепт рөліне анализ жасайды. О бастан сөз пайда болуымен бірге пайда болатын жаңа тілдік мағынаны сол тілде сөйлеушілердің санасында бұрыннан бар мағынамен байланыстыратын сөздің ішкі формасы ретінде беріледі.

Кейінен сөздің игерілуіне қарай концепт (көбінше формалдық сөзге ұмтылса) образ концептке немесе (егер негізінен мазмұндық жағы дамыса) ұғымға айналады. Бірақ, образ және ұғым концепт емес, оның өзге түрге енуі болғанымен, концепт образ бен ұғымды дүниеге әкеліп, оларды түсіндіреді. Түптеп келгенде, сөздің белгілі бір тілдік мазмұнмен байланысты ұғымдық жағы, сол сөзді игерген мәдениетті түсінудің кілті болатын мәдени символ деңгейіне дейін дами алады. Нәтижесінде сөзді тілдік – мәдени танудың шеңбері тұйықталып, ұғымдық құрылымның кілті болып табылатын концепт мәдениеттің анықтаушы элементі болады.

Ғалым В.В. Колесов кезінде С.А. Аскольдов-Алексеев берген сөз концепті ұғымымен (концепт-1) мәдениет (концепті-2) ұғымымен байланыстырады.

Бүгінгі таңда, лингвистика ғылымында мәдениет концепті деп қарастырылатын: концепт-1-ге негізделген концепт-2. В.В. Колесов концептке былай деп анықтама береді: «Концепт – исходная точка семантического наполнения слова и одновременно – конечный предел развития... То, что явилось началом, в результате развития смыслов как знака культуры, становится его концом – обогащением этимона до концепта современной культуры» [2, 36]. Ғалымның тұжырымдары кез-келген сөз ерекше мәдени мәнге ие бола алады деген пікірді бекіте түседі.

С.А.Аскольдов-Алексеев пен В.В. Колесовтың қарастырылған еңбектерінде сөздің мәдени-тілдік табиғатын зерттеуде «концепт» терминін енгізу қажеттілігі түсіндіріледі. «Тілдің логикалық анализі» тобының еңбектерінде де «концепт» осы тұрғыдан қарастырылады, сонымен қатар, бұл ғалымдардың еңбегінде концеппен мазмұндас схема және фрейм [2] ұғымдары мен терминдері пайдаланылады. Оларға былай деп анықтама берілген: «своеобразные модели знания о типичных ситуациях которые тоже являются ключом к «прочтению» ситуаций» [2]. Табиғи тілдерге логикалық тұрғыдан талдау жүргізетін еңбектерде негізінен ағылшын және латын тілдеріндегі сәйкес сөздердің мағынасына сүйенетін, қолданбалы лингвистика мен

логиканың халықаралық терминологиясы қолданылады.

Үлкен ағылшынша-орысша сөздікте «*concept*» «ұғым, идея, жалпы түсінік» дегенді білдіреді [4]. Шет тілдер сөздігінде «*conceptus*» сөзі латын тілінен «ой, түсінік» деп аударылады [5]. Ал лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте «*conceptus (m)*» зат есімнің көптеген мағыналары берілген [6]. Айтылғандармен қатар «*жинақтау*», «*жеміс*» мағыналары беріледі. Ал «*conceptus (m)*» зат есімі «*қынаптағы ұрық, жеміс*» деп аударылады. Аталған зат есімнің екеуі де 1) жинақтау; 2) елестету; 3) өзіне ойлату; 4) алдын ала ойлап қою; 6) жасау, түзу; 7) болып жату [тұру] мағыналары бар «*conceptio*» етістігімен байланысты.

Латын тіліндегі «*Conception*» етістігі мен одан туындаған «*conceptum*» және «*conceptus*» зат есімдері «*концепт*» терминінің мәнін тереңірек түсінуге көмектеседі. Ұрықтың қандай топқа жататындығына түр-түсі, көлемі т.б. белгілеріне одан шығатын жемістің қасиеттері қалай тәуелді болса, мәдениет концептінің семантикалық өрбуі мен мәдени жағынан толысуы да концепт – 1 –ге солай тәуелді. Бірақ концепт -1 мәдени концептерді іріктеп алуда, концепт деп тануда, зерттеу нысанына алынғанда мүлдем көрінбейді. Дегенмен, концепт – 1-ді анықтау - өте маңызды, өйткені ол концептік зерттеудің басты шарттарының бірі.

Н.К. Рябцева концептің белгілерін адамның тәжірибесін көрсете отырып, өзгеруге, толығуға бейім бір бүтін нәрсе ретінде сипаттайды; концептің бастапқы қорға негізделіп логикаға құрылған динамикалық жүйесі бар; ал өзге туында элементтер прототиптік мағына арқылы байланысады. Концептің арқасында әрбір ескі және жаңа сөздің мағынасы уәжделген, мәні ұғынылған болып шығады. Уәжділікті концептің құрылымынан іздеу керек. Концептің ішкі мағыналық құрылымы мен категориялық қатыстылығы жөнінде автор: «Для внутренней структуры он служит основой прототипического значения всех словоупотреблений данного слова, для внешней – моделью категоризаций всех его значений» деп ой түйеді [7, 75].

Бұл пікір концепті сөздің барлық мағыналарына ортақ менталды түсінік ретінде қарастыратын С.А.Аскольдов-Алексеев пен В.В.Колесовтың пікірлеріне сәйкес келеді. Сөздің әртүрлі мағыналарының әртүрлі концепті болады деп есептейтін өзге де пікір бар. Мысалы, Д.С. Лихачевтың пікірінше концепт сөздің сөздіктегі мағыналарының бірінің ғана

орнын баса алады деп есептейді. Ал нақты қай мағынаның орнын басып тұрғандығы контекстен көрінеді. [8, 34]

Д.С. Лихичевтың «концептосфера русского языка» мақаласындағы осы сынды пікірлер қазіргі лингвистикадағы концепт теориясының әрі қарай дамуына себебін тигізеді. Концептің әр контексте пайдаланылуы және пайдаланылғанда нақты қай мағынасының орнын басып тұратындығы коммуниканттардың жеке тәжірибесіне де байланысты болады. «Концепт не непосредственно возникает из значения слова, а является результатом столкновения словарного значения слова с личным и народным опытом человека» [8,4]. Әдетте осының есебінен «концепт» кеңейеді, өйткені оған сөйлеушінің жеке пікірі мен қиялы қосылады. Автордың сөзімен айтқанда «домысливания», «дофантазирования», «создания эмоциональной ауры человека». Оны Д.С. Лихичев (биосфера, идеосфера терминдеріне ұқсастырып) *концептосфера* деп атауды ұсынады.

Тілдің сөздік қорын төрт сатыдан тұратын иерархиялық құрылым ретінде қарастыруға болады: 1) лексикон; 2) сөздердің мағынасын; 3) сөздер концептісі – сөздерді мәдени игеруге байланысты орнын басушылар. Қандай да бір құндылық ретінде бір-біріне тәуелді концептер жүйесі, бірлестіктер.

Д.С.Лихичевтың пікірінше ұлт концептосферасына тек сөздер ғана емес, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, шығармалардың атауы да енеді.

Ғалым енгізген «концептосфера» термині концепт-1 (алғашқы ментальді түсінік) мен концепт – 2-ні (рухани мәдениеттің кілт-сөздері) байланыстыра отырып, мәдениетті жасау мен танудағы тілдің рөлін көрсетеді. Сонда, *концептосфера-мәдениеттің тілде сақталуының өзіндік көрінісі*.

Концептің көлемі тұрақты ма, әлде уақыт өткен сайын өзгеріп отыра ма, ол әлі шешілмеген мәселе. В.В.Колесовтың ойынша концепт өзгермейді, сондықтан ол әр кезде өзінің бүтіндігін және сөздің барлық екіншілік мағынасын сақтайды. Н.К.Рябцева, керісінше, концепт толысып, өзгеріп отыруға бейім, сонысымен ол адам тәжірибиесінің көрсеткіші бола алады дейді. С.Р.Сүгірбекованың пікіріне сүйінсек, концепт барлық жаңа және ескі мағыналарды бойына жинақтап отырады, онда сөздің семантикалық дамуының барлық жолдары бағдарланған. Осы тұрғыдан келгенде ол тұрақты. Дегенмен уақыт өте келе сөз концептке деген көзқарас (бәлкім өзге одан басым түскен

концеппен, ұғыммен т.б. салыстырғанда) өзгеруі мүмкін. Бұл тұрғыдан қарасақ, ол тұрақсыз көрінеді. Сонымен концепт-1 тұрақты да, концепт-2 өзгермелі. Біз бұл пікірге қосыламыз, өйткені, концепт-1 концепт сөз атап тұрған объект жайлы ең алғашқы, жалпы, қарапайым түсінік. Ол концепт -2-ге қарағанда өте тез қалыптасады.. концепт-2 концепт болып қалыптасқан кезден ары қарай тілмен бірге жасайды. Ал концепт-1 концепт-2 қалыптасқан кезде де, концепт-2 дамыған кезде де өзінде бар мәліметтерді беріп отырады. Ал осы мәліметті сан құбылтып, әртүрлі контекстке салып, дамытып отыру коммуниканттың жұмысы, ол сөйлеушінің қажеттіліктері мен таным тәжірибиесіне байланысты болады.

Шетел ғалымдары мен орыс тілші-ғалымдарының зерттеулерінде когнитивтік талдаудың негізгі әдіс-тәсілдері, қазіргі бағыттары, жалпы алғанда, концепт деген не оны қалай түсінуге болады дегендер туралы жалпы бағыттар мен көзқарастар Н. Хомский, А.Вежбицкая, Н.Арутюнова, Д.Ж.Лакофф, Г.Филлмор, Ю.Апресян, В.Маслова, Ю.Караулов, А.П.Бабушкин, Л.В.Бабина және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде аталған.

Ал өзіміздің қазақ ғылымында бұл мәселемен шұғылданған ғалымдар жалпы, қазақ ғылымында когнитивистика жайында көзқарас білдіргендер деп А.Байтұрсынов, К.Жұбанов, Ғ.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Э.Сүлейменова, Ж.Манкеева, А.Ислам, Қ.Жаманбаева сияқты ғалымдар зерттеген. Олар этнолингвистика шеңберінде концептілер туралы да пікірлер айтқан. Жас зерттеушілердің ішінен М.А.Күштаева, Н.Аитова, А.Сыбанбаева, Ж.Жампейісова, А.Смайлов есімдерін атап өтуге болады. Олардың еңбектері тікелей осы мәселеге арналған.

Концептіге берілген анықтамаларда барлық зерттеуші ғалымдардың пікірі бірдей, бұл термин ақиқат дүниені когнитивті тұрғыдан тануға, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Адамның жекелеген немесе жалпы тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ғаламды тану арқылы ғасырлар бойы жинақталған болашақта өз жалғасын таба беретін білім жүйесінің жиынтығы.

*Қасиетті Құран Кәрімде* о дүниелік мәңгілік мекен *жұмақ* (жаниат) жайында сөз болғанда, ең басты назар аударылып суреттелер нәрсе –«*жаниат*» табиғаты. Ондағы мәңгілік жап жасыл бау-бақша, оның алуан түрлі жеміс-жидегі мен сылдырап аққан кәусар бұлақ-өзендері, қою көлеңкелі мәуе ағаштары сияқты

суреттер аса бір классикалық деңгейдегі суреттеу болмаса да, ақ жүректі, имандылығы күшті санаға белгілі деңгейде эстетикалық сұлу сезім, әдемі әсер берері ғажап емес. Әрине жаниаттың сипаты осы дүниелік нәрселермен баламаланып берілгенің де ұмытпау керек: «өйткені иман келтіріп, ізгі іс істегендер, олардың істеген ғамалдарына қарай қонақ үй түрінде жанаттар да орын бар» (Мәуе жаниаты 19сәжде). Басты мақсат – адамның бар болмысында істеген жақсы істеріне көңіл аудару, сол арқылы әдемі жерге тек әдемі де сұлу жанды адамдар «жолдама» ала алады дегенді баса көрсету. «... Пәк болған кісінің сыйлығы осы» (Таһа – с., 76 Аят) [9]

*Үлкен Терра энциклопедиясында* былай берілген: Христиан дәстүрінде, жұмақ – мәңгілік рахат өмірдегі Құдайды мадақтайтын таңдамалылар ұйымы. Көне өсиетте жұмақ – жасыл және ғажап Эдем бағы, ол «шығыста орналасқан (Солтүстік Мессопотамияда) жаңа өсиетте жұмақ – Шырайлы Иерусалим, қайғы – мұңсыз қала, ежелгі патристива мен 6-12 ғ. әдебиетте. Қорқынышты сотқа дейінгі жұмаққа орналасқан діндарлардың жандарының иерархиясы туралы жазылған. Жұмақтың орналасқан жері туралы, оның жермен байланысы, жандардың қарым-қатынасы, Құдаймен байланысы туралы мәселелерді бірнеше рет теология, ереси мен халықтық мұра шешкен болатын. Жұмақ бейнесі – мінсіз қала бейнесі болашақ теориясын құрумен байланысты утопияларды құрай дамыды, «Киелі Брандан» кезулерінде» (12-ғ). Жұмақ – киелілердің мекен ететін жері мен молшылық аралы. Кейінгі қайта жаңару утопиясы арасында жаңа өсиет түсіндірмесі бойынша, жұмсақ – «Христиполь», И.Андрэ (1619). Протестанттар жергілікті жұмақты сынға алатын. Ғажап жердегі жұмақ туралы түсінік орта ғасыр мен Қайта жаңару кезеңіндегі халықтық ағылшынның идеологиясында әлеуметтік лозунг ретінде түсіндіріледі.

*В.И.Дальдың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде:* Жұмақ – алғашқы бақ, жемісті бақ, Адам ата мен Хауа ананың ата-бабасы өмір сүрген жері. Күнәсіз жандардың күнәлі орны. Жұмаққа күнәлі жандарды жібермейді. Жұмаққа сақалды түрімен барғаныңмен, жасаған жаман істерің жібермес.

*А.И.Богомаловтың «Жаңа әлемдік дін сөздігі» атты сөздігінде:* Жұмақ – Адам ата мен Хауа ананың алғашқы адамдарының мекен етуіне Құдайдың берген жері. Жұмақтың нақты көрсетілген орны жоқ. Сирия мен Армения, Месопотамия жанында орналасқан деп бол-

жалынады. Жұмақ сөзінің мағынасы – адамдардың мәңгілік рахат орны, дұрыс өмір сүруін білдіреді.

*Үлкен Терра энциклопедиясында «Тозақ» концептісіне былай суреттеледі:* Христиандық дәстүрге сәйкес жарық періштесі Люцефердің Құдайға опасыздық жасағанынан, оның Сатана ретінде көктен құлдарымен – күнәһәр періштелермен бірге жердің астына түсірілгенінен кейін құрылған аңыздық кеңістік. Олар мәңгі өлімге қиылған күнәһәр жандардың тозақ азаптарының таратушылары болып табылады. Тозақтағы азаптың мәңгілік екендігі туралы оқыту шіркеудің 533-і кеңесінде толықтай бекітілді. Көне өсиетте тозақ азаптары жоқ; жаңасында қатал сот және от түнек, ауру мен жылау сынды тозақ құбылыстарының сипаттамасы туралы маңызды ескерту бар. Тозақ көрінісін мұқият 4-12 ғғ әдебиеттері сипаттап береді: ақырзамандық, «Павел Ақырзаманы», «Ұлы Григорийдің әңгімесі» «әулеи Патриктің өмірі», «Тунгдалдың көріпкелдігі», және т.б. Дантениң «Құдайы комедиясында» Тозақтың 9 айналымы сипатталған, ол – жасаған күнәларының ауырлығымен байланысты жұмақтағы ләззат алушылардың симметриялы иерархиясынан өзгеше сотталғандардың өзіндік бір иерархиясын құрайды. Шіркеудің анықтамасында тозақ азаптан демалу уақытына қарама-қарсы қойылған фольклорлық дәстүр. Тозақ туралы аңызға негізгі қарсылас – денесіз жан және оның физикалық қиналыстары, күнәһарлардың соңғы және өлер алдындағы жазасы. Қазіргі заманғы дінтанушылардың Тозақ және Сатананың түсіндірмесінде шіркеудің ресми нұсқасымен қатар заманауилары да бар.

*В.И.Дальдың «орыс тілінің түсіндірме сөздігі» - «Тозақ» –* адея, геенна, жаһаннам, тұңғылық, тозақ, қара түнек, тозақ оты.

Шын мәнінде жұмаққа барғысы келгенімен, жасаған әрекеттеріне байланысты тозаққа сұранып жатқандай Жұмақта ақымақпен болғанша, тозақта ақылдымен өмір сүрген жөн.

Ұрыс-төбелес, сөгіс, айқай-шу, үйдегі жанжал, адам төзгісіз тіршілік.

Тозақ өмірі – адам төзгісіз жаза.

Тозақ тасы – ляпис, күйдіргіш күміс, селитра қышқылды күміс.

Адажной – тозақтық, сайтандық, қуаланушылық, лас, адам, сұмпайының.

Адовень – оңбаған, жексұрын, сұмпайы

Адова – жексұрындық

Адовисть – зұлымдықта ойластыру; шу көтеру, жаманшылық жасау; бірденені құрту.

Ал, «*жәннәт пен тозақ*» атты діни кітапта тозақ былай суреттелген: Әбу һурайра Расуллах айтты деп хабарлайды. «*Адам баласын жағатын осы от Тамұқ отының жетпістен бір бөлігін құрайды*». (Әл-Бұхари, Мұслим). «*Егер де Тамұқтың қақпасы осы дүниеге ең құрығанда өгіздің танауындай ғана шығыстан ашылар болса, онда батыста оның қызуынан адамның миы қайнап, ағып кетер еді*», - деп суреттеген [9,6].

1. Аскольдов-Алексеев С.А. Концепт и слово // Русская речь. Новая серия//под ред. И.Р.Гальперина – Ленинград, 1986. – С. 14-21.

2. Колесов В.В. Концепт культуры: образ – понятие – символ // Вестник С-Петербургского ун-та. Серия 2, Литература и язык. – 1992. – Вып. 3. – С. 68-73.

3. Колесов В.В. Ментальная характеристика слова в работах В.В. Виноградова // Вестник МГУ. Серия филология. – 1995. - №3. С. 121-132.

4. Большой англо-русский словарь / под ред. И.Р.Гальперина. – М., 1987.-670 с.

5. Русско-английский, англо-русский словарь / под ред. Р.Л.Синкова. – М.: Астрель, 2005.-564 с.

6. Лингвистический энциклопедический словарь / под ред. В.Н. Ярцевой. М., 1990.-472 с.

7. Рябцева Н.К. «Вопрос» прототипическое значение концепта // Логический анализ языка. Культурные концепты. – М., 1991.-с.25-31.

8. Лихачев Д.С.Концептосфера русского языка // Изд РАН. Сер. Лит. и яз. – 1993.-№1-С. 96-122.

9. Шейх Джамил Мади «Жәннәт пен Тозақ» - Алматы: Мұсылман, 2007.- С. 17-30б.

10. Үлкен энциклопедия Терра. 40 том. 458-459бб.

11. В.И.Даль. Толковый словарь русского языка (современная версия).

\* \* \*

The article is devoted to the problem of lexico-semantic concepts "paradise" and «hell» in English, Russian and Kazakh languages. The religious understanding concepts of "paradise" and "hell" is considered in this article.

\* \* \*

В статье рассматриваются лексико-семантические концепты «рай» и «ад» в английском, русском и казахском языках на материале религиозных книг.

**М. Жаңабекова**

## НАҚ ОСЫ ШАҚ МИКРОӨРІСІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Қазіргі таңда дүние жүзіндегі тілдердің ішінде құрылысы жағынан алшақ қазақ және ағылшын тілдерінің грамматикалық құбылыстарын салғастыра зерттеу қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Функционалды грамматика бойынша көптеген ізденістерде тілдерді салғастыру барысында едәуір соны тұжырымдар жасалып, етістіктің шақ категорияларына қатысты сәйкестіктер мен ерекшеліктер айқындалды. Әлі де шешімін табуға тиісті мезгілдік категориялардың (осы, өткен, келер) ішіндегі шағын микроөрістердің функционалды семантикалық біртұтастығын қарастыру бірден-бір өзекті ғылыми ізденісті қажет етеді.

Нақ осы шақтық мағына қазақ және ағылшын тілдерінде функционалды грамматика тұрғысынан әртүрлі тіл деңгейіндегі тілдік бірліктер арқылы көрініс табады, атап айтқанда: мезгіл үстеулер, мезгіл мәнді құрмалас сөйлемдер, атаулы сөйлемдер, нақтылықты көрсететін қалып етістіктері мен амал-әрекет етістіктері, нақты субъекті мен объекті. Тұтас функционалды-семантикалық микроөріс ретінде жеке алынып

қарастырылмаған. Дегенмен қазақ тіліндегі жалпы шақ категориясының жекелеген формалары ағылшын тілімен салғастыра зерттелмеген. Себебі шақ (темпоралдылық) категориясының кең ауқымды әрі күрделі категориялықтымен, функционалды-семантикалық өрістер кешені екендігімен түсіндіруге болады Яғни аталмыш категория жекелеген осы, келер, өткен шақтық мағыналардың (микроөрістердің) жиынтығынан құралады.

Сөйлеуші қимыл-әрекетті белгілі бір мезгіл ішінде жүзеге асырады. Сөйлеу сәтіне қатысты іс-әрекеттің болып жатқанын, болып өткендігін, алда болатынын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясын айтамыз. Шақтық қатынастардың ағылшын және қазақ тілдерінде берілуі кешенді түрде функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан алғаш зерттелініп отыр. Нақ осы шақ микроөрісін білдіретін әр түрлі тіл деңгейіндегі тілдік бірліктердің парадигмасын айқындауға, мұндай бірліктердің прагматикалық мәні мен семантикалық құрылымын және ағылшын тілінен қазақ тіліне аударғандағы құрылым-